

## Жиһаз және орман өнеркәсібінде мемлекет қатысатын "Жиһаз" холдинг компаниясын құру туралы

### Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 26 тамыз N 737. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.06.25. N 758 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Шаруашылықты басқару органдарының жүйесін жетілдіру туралы" 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1291 Жарлығын орындау үшін және орман және ағаш өндеу өнеркәсібінің кәсіпорындары нарықтық қатынастарға кіруіне жағдай жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті қосымшаға сәйкес мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың, акционерлік қоғамдардың құрамында мемлекет қатысатын "Жиһаз" холдинг компаниясын құру жөніндегі құрылтай құжаттарының пакетін әзірлесін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті заңда белгіленген тәртіппен Компанияның құрамына енгізілген мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың мүлкін иелену, пайдалану және басқару құқығын, сондай-ақ бұрын құрылған акционерлік қоғамдардың акцияларының мемлекеттік пакеттерін иелену, пайдалану және басқару құқығын Компанияға беретін болсын.

Мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың акционерлендіру дәрежесіне қарай акционерлік қоғамдардың акцияларының мемлекеттік пакеттерін иелену, пайдалану және басқару, Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алудың және жекешелендірудің Ұлттық бағдарламасында (II кезең) көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті сататын акциялардың пакеттерінен басқасы, Компанияға берілсін.

3. "Жиһаз" холдинг компаниясы "Қазжинаузорманөнеркәсіп" жиһаз және орман өнеркәсібі концернің мүліктік құқықтары мен міндеттерінің құқылы мирасқоры болып табылады деп белгіленсін.

Компанияның басқармасы Алматы қаласында таратылатын "Қазжинаузорманөнеркәсіп" концернің алаңында орналасады.

4. Компанияны құрудың және оның қызметінің негізгі мақсаты орман және ағаш өндеу өнеркәсібін дамыту, өндірісті көп салалы ету мен коммерцияландыру деп анықталсын және оған:

оның құрамына кіретін кәсіпорындардың қызметін үйлестіру;  
орман және ағаш өндеу өнеркәсібін дамытудың, халық тұтынатын тауарлар  
шығарудың мемлекеттік бағдарламаларын өзірлеу мен жүзеге асыруға қатысу;

Компанияға кіретін кәсіпорындарды жаңғырту үшін шетелдік  
инвестицияларды тарту және пайдалану, жаңа объектілерді салу;

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігімен бірлесіп орман және  
ағаш өндеу өнеркәсібі саласына ғылыми-техникалық өзірлемелерді енгізу мен  
орындау жөніндегі бірыңғай саясатты жүргізу;

айналадағы ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану  
шараларын өзірлеп, жүзеге асыру;

орталықтандырып кадрлар даярлау мен Компания кәсіпорындары  
мамандарының біліктілігін көтерудің тиімді жүйесін жасау жүктелсін.

## 5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі

мемлекеттік комитетіне Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп  
министрлігімен, "Қазжиназорманөнеркәсіп" концернімен бірлесіп бір  
айлық мерзімде Компанияның мүліктік кешенін қалыптастыру жұмысын  
аяқтау және құрылтай құжаттарын бекіту тапсырылсын.

6. Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің "Қазжиназорманөнеркәсіп"  
мемлекеттік жиһаз және орман өнеркәсібі концернің мәселелері"  
деген 1991 жылғы 9 желтоқсандағы N 776 қаулысының күші жойылған  
деп саналсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 26 тамыздағы

N 737 қаулысына

Қосымша

Мемлекет қатысатын "Жиһаз" холдинг компаниясының

құрамына кіретін кәсіпорындардың

Тізбесі

"Арай" ұжымдық кәсіпорны, Павлодар қаласы

"Карагандамебель" акционерлік қоғамы, Қарағанды қаласы

"Жиһаз" акционерлік қоғамы, Шымкент қаласы

"Сыр-Жиһаз" акционерлік қоғамы, Қызылорда қаласы

"Щучинскмебель" акционерлік қоғамы, Щучинск қаласы

"Шаңырақ" акционерлік қоғамы, Уштөбе қаласы

"Казлес" акционерлік қоғамы, Өскемен қаласы  
"Усть-Кам ДВП" акционерлік қоғамы, Өскемен қаласы  
"Лениногорский ЛПХ" акционерлік қоғамы, Лениногор қаласы  
"Арман" өндірістік жиһаз бірлестігі, Ақмола облысының  
Шортанды поселкесі  
Қостанай жиһаз пабрикесі, Қостанай қаласы  
Ламинирлеу зауыты, Малеевск қаласы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК